

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИА ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ  
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ  
СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ  
УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

THE FINANCIAL SYSTEM IN  
THE CONTEXT OF CREATING A MODEL  
OF SUSTAINABLE ECONOMIC  
DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN

АСТАНА  
ASTANA  
2024

*Посвящается юбилею - 80-летию  
Искаковой Загиры Дуйсембаевны*



***ИСКАКОВА ЗАГИРА ДУЙСЕМБАЕВНА  
ISKAKOVA ZAGIRA DUYSEMBAYEVNA***

***ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР  
ДОКТОР ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОР  
DOCTOR OF ECONOMIC SCIENCES, PROFESSOR***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА  
THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ  
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының**

**МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

**Международной научно-практической конференции**

**«ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИ-  
ВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»**

**COLLECTION OF REPORTS**

**of the International scientific and practical conference**

**«THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL  
OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN»**

**АСТАНА, 2024  
ASTANA, 2024**

УДК 336 (574)  
ББК 65.261 (5Каз)  
Қ 18

**Редакциялық алқа:**

**Мақыш С.Б.** - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры

**Жағыпарова А.О.** - Экономика факультетінің деканы

**Ажмухамедова А.А.** - Экономика факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

**Мажитов Д.М.** - «Қаржы» кафедрасының профессоры

**Бұлақбай Ж.М.** - «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

**Майдырова А.Б.** - «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі

**Сембиева Л.М.** - «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі

**Аманова Г.Д.** - «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі

**Мухияева Д.М.** - «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

**Искаков Б.М.** - «Тұран-Астана» университетінің «Іскерлік басқару» кафедрасының профессоры

**Қ 18** «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы= Международная научно-практическая конференция «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»= International scientific and practical conference «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» – Астана: ИП «Булатов А.Ж.» – 572 б.(с.) - қазақша, орысша, ағылшынша.

**ISBN 978-601-337-934-0**

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер жүргізген өзекті және проблемалық мәселелерді қамтитын авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, на тему «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» presents the results of original research on topical and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master degree students and undergraduates. The publication is intended for undergraduates, master and doctoral students, as well as for a wide range of readers studying current problems of modern science.

УДК 336 (574)  
ББК 65.261 (5Каз)

**ISBN 978-601-337-934-0**

© Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті, 2024  
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2024  
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2024

шешімдер қабылдау үшін пайдалануға болады, бұл сайып келгенде компанияның жалпы қаржылық денсаулығы мен тұрақтылығын жақсартуға көмектеседі.

Сондықтан салықтық шығындарды бақылау және тексеру тек қана пайдалы емес, сонымен қатар қаржылық нәтижелерін оңтайландыруды, тәуекелді азайтуды және нарықта күшті беделді сақтауды қалайтын компаниялар үшін маңызды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Балдин К.В. Управление рисками // ЮНИТИ - ДАНА. - 2022. - 511 с.
2. 3. Шиленко, С.И. Основы аудита / С.И. Шиленко, Р.В. Шеин, Е.В. Колосова. – М.: КноРус, 2020. – 152 с
3. Liu Jihong, Wang Yaping, Wu Liansheng. The Effect of Guanxi on Audit Quality//China Journal of Business Ethics. 2021. No 103. P. 621–638.
4. <https://legal-force.uz/nalogooblozhenie-v-uzbekistane-v-2022-godu>

**ӘОЖ 334.025**

### **ЦИФРЛАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ, СОНДАЙ-АҚ МЕМЛЕКЕТ АКТИВТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Максим Г.А.**

«Мемлекеттік аудит» БББ магистранты

**Серикова М.А.**

PhD докторы, доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ. Қазақстан Республикасы

E-mail: maximgulnur11@gmail.com

**Аннотация.** Бұл мақала цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясатқа шолу жасайды, оның экономика мен қоғамға әсерін анықтайды. Тұрақты дамуға қол жеткізу үшін цифрлық салада мемлекеттік активтерді оңтайлы пайдалану жөніндегі шаралар талқылануда. Инновацияларға инвестицияларды, цифрлық инфрақұрылымды дамытуды және әлеуметтік әсерді қоса алғанда, цифрландыру саясатының тиімділігінің негізгі аспектілері бағаланады. Мақала сондай-ақ осы саясатты дамыту перспективаларын қарастырады және ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін цифрлық салада мемлекеттік активтерді пайдалануды одан әрі жақсарту бойынша ұсынымдар ұсынады.

**Кілт сөздер:** аудит, “Цифрлық Қазақстан”, мемлекеттік саясат, тиімділік аудиті, IT.

**Аннотация.** Данная статья проводит обзор государственной политики в области цифровизации, выявляя её влияние на экономику и общество. Обсуждаются меры по оптимальному использованию государственных активов в цифровой сфере для достижения устойчивого развития. Оцениваются основные аспекты эффективности политики цифровизации, включая инвестиции в инновации, развитие цифровой инфраструктуры и социальное воздействие. Статья также рассматривает перспективы развития данной политики и предлагает рекомендации по дальнейшему улучшению использования государственных активов в цифровой сфере для достижения наилучших результатов.

**Ключевые слова:** аудит, "Цифровой Казахстан", государственная политика, аудит эффективности, IT.

**Annotation.** This article provides an overview of government policy in the field of digitalization, revealing its impact on the economy and society. Measures for the optimal use of public assets in the digital sphere to achieve sustainable development are being discussed. The main aspects of the effectiveness of digitalization policy are evaluated, including investments in innovation, development of digital infrastructure and social impact. The article also examines the prospects for the development of this policy and offers recommendations for further improving the use of public assets in the digital sphere to achieve the best results.

**Keywords:** audit, "Digital Kazakhstan", public policy, performance audit, IT..

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу дамудың екі бағыты бойынша жүруді білдіреді:

"Қазіргі экономиканы цифрландыру" - нақты сектордағы нақты жобалардан тұратын прагматикалық бастауды қамтамасыз ету, экономиканың қазіргі салаларын, мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру және оларды технологиялық қайта жабдықтау жобаларын іске қосу және цифрлық инфрақұрылымды дамыту.

"Болашақтың цифрлық индустриясын құру" - адами капиталды дамыту деңгейін көтеру, инновациялық даму институттарын құру және жалпы алғанда, цифрлық экожүйені қарқынды дамыту есебінен ұзақ мерзімді орнықтылықты қамтамасыз ету, елдің цифрлық трансформациялауды іске қосу.

2018-2022 жылдар кезеңінде іске асырылатын Бағдарлама еліміздің флагмандық салаларын технологиялық жаңғыртуға қосымша серпін беруді қамтамасыз етеді және еңбек өнімділігінің ауқымды және ұзақ мерзімді өсуіне жағдай жасайды.

Айту керек, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жасау барысында көптеген өркениетті, дамыған елдердің тәжірибесі қолданылды. Олар цифрлық технологияны іске асыру жолында толағай жетістіктерге қол жеткізген Австрия, Дания, Аустралия, Канада мен Сингапур секілді елдерді мысалға келтіруге болады. Иә, цифрлық технологиялар көптеген елдердің экономикасын дамытуда маңызды рөлге ие.

XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры. Қазіргі таңда білім және ғылым жүйесінің алдында жаңа мақсаттар мен міндеттер бар. Оларды шешу үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бірқатар стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға негізделген, білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов жаңа мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыттары туралы баяндамасында «Бағдарлама жобасы педагогикалық ұжымдарда мұғалімдермен, Президент жанындағы Ұлттық кеңестің өкілдерімен, сарапшылармен және Парламент депутаттарымен талқыланды. Бұл жобаның ерекшелігі – PISA, TALIS, PIAAC, PIRLS, ISILS секілді 5 халықаралық зерттеудің нәтижелері бізге негізгі проблемаларды анықтауға және олардың шешімдерін табуға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған 76 951,1 млн. теңгеден анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 14 148,3 млн. теңгені құрады, соның ішінде:

- қаржылық бұзушылықтар – 2 766,0 млн. теңге;
- бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз пайдалану – 6 135,6 млн. теңге;
- бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз жоспарлау – 4 317,5 млн. теңге;
- экономикалық шығындар және жіберіп алған пайдалар – 929,2 млн. теңге;
- 143 рәсімдік бұзушылық.

Оның ішінде, аудит объектілері бөлінісінде: Зерде» ұлттық инфокоммуникация холдингі» АҚ мемлекеттік бағдарламаның 125 іс-шарасының ішінде «Зерде» холдингінің 23 іс-шараға (18%) қатысуы жоспарланған. Бұл ретте Холдинг 2018-2021 жылдары 3 іс-шараға (13%) қатысты, Холдингтің 20 іс-шараға (87%) қатысқаны расталған жоқ.

Холдингтің шығыны көбейіп келе жатқаны байқалады, 2016-2021 жылдары жинақталған шығын 7,0 млрд. теңгені құрады:

«Зерде» ҰИХ» АҚ көрсеткіштері	Қаржы жылы, млрд. теңге						
	2016	2017	2018	2019	2020	2021	БАРЛЫҒЫ
<b>КІРІСТЕР</b>	<b>0,7</b>	<b>1,2</b>	<b>1,4</b>	<b>1,1</b>	<b>1,2</b>	<b>2,5</b>	<b>8,3</b>
<b>ШЫҒЫСТАР</b>	<b>(2,4)</b>	<b>(2,1)</b>	<b>(3,2)</b>	<b>(2,8)</b>	<b>(1,9)</b>	<b>(2,8)</b>	<b>(15,3)</b>
СОНЫҢ ІШІНДЕ ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ҚОРЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР	0,9	1,4	1,8	1,8	1,5	1,7	9,1
<b>ШЫҒЫНДАР</b>	<b>-1,7</b>	<b>-0,9</b>	<b>-1,8</b>	<b>-1,6</b>	<b>-0,7</b>	<b>- 0,3</b>	<b>-7</b>
<b>ДИВИДЕНДТЕР</b>	<b>1,1</b>	<b>2,9</b>	<b>2,8</b>	<b>2,6</b>	<b>4,4</b>	<b>5,2</b>	<b>19</b>

Сол кезеңде шығыстарға кірістердің қамтамасыз етілмеуі 45,7%-ды құрады. Бұл ретте көрсетілетін қызметтердің өзіндік құны көрсетілген қызметтерден түсетін кірістен едәуір асып түседі (40%-ға немесе 2 046,2 млн. теңгеге).

Холдингті күтіп-ұстауға арналған шығыстар еншілес ұйымдардың есебінен жабылады, бұл өз кезегінде мемлекетке дивидендтер төлеу мөлшеріне теріс әсер етеді. 2018-2021 жылдары Холдинг еншілес ұйымдардан алынған дивидендтерді өзінің залалды қызметін жабу үшін пайдаланды. Қызметтердің өзіндік құнының құрылымында еңбекке ақы төлеу қоры 66,3%-ды иеленеді, ол да қызметтен түсетін қолда бар кірістер есебінен жабылмайды.

Холдингте 2018-2021ж.ж. сатып алудың жалпы көлемі 2 578,7 млн. теңгені құрады, оның ішінде бір көзден 1 979,3 млн. теңге немесе сатып алудың жалпы көлемінің 76,7%-ы жасанды бәсекелестікті құру және сатып алу рәсімдерін (тендер) формальды жүргізу фактілері анықталды (2018 жылы – 527,4 млн. теңге сомасына (63,1%), 2019 жылы – 392,9 млн. теңге сомасына (73,3%), 2020 жылы – 228,7 млн. теңге сомасына (78,0%), 2021 жылы – 830,4 млн. теңге сомасына (90,8%), бұл қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидаттарына жауап бермейді.

Холдинг 2021 жылы 17 орталық мемлекеттік органда және 4 жергілікті атқарушы органда бюджет қаражаты есебінен 208,9 млн. теңге мөлшерінде функционалдық талдау бойынша жұмыс жүргізді, оны 2021 жылы Ұлттық экономика министрлігі өзінің тікелей функциясы шеңберінде жүргізген болатын.

Бұл мемлекеттік органдардың келісілмегендігін және жалпы салааралық үйлестірілуінің жоқтығын айғақтайды, соның нәтижесінде сол бір жұмыстарды жүргізуде көрініс тапқан бюджет қаражатының екі есе шығыстары жұмсалды.

Холдингпен жалпы сомасы 35,9 млн. теңгеге орындалмаған жұмыс көлемі төленгені анықталды, соның ішінде: 2018 жылы «Әл-Фараби Partners» ЖШС телеграмм-арнада материалдар орналастырылмаған – 3,5 млн.теңге; 2021 жылы «SOFTWAER FACTORY» ЖШС ақпараттандыру субъектілеріне зерттеу жүргізбеген – 32,4 млн. теңге.

- Созылмалы шығындылыққа, қойылған мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын қамтамасыз етпеуіне, экономикалық пайданың және IT-саланың дамуына елеулі әсердің болмауына байланысты «Зерде» ұлттық инфокоммуникация холдингі» АҚ-ның одан әрі қызметінің орындылығы туралы мәселені қарау және тиісті шаралар кешенін қабылдау;

- мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері әзірлейтін ақпараттық жүйелердің мониторингін жүргізу үшін «электрондық үкіметтің» архитектуралық порталында ақпараттандыру объектілері бойынша мәліметтердің толық есебін жүргізуді көздейтін норманы енгізу мәселесін қарауды ұсынамын.

Цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясат елдің орнықты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге ұмтылады. Цифрлық технологиялар мен инновацияларға инвестициялау арқылы мемлекет мемлекеттік қызметтердің тиімділігін арттыруға, ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге және азаматтардың өмірін жақсартуға ұмтылады. Мемлекет активтерін, соның ішінде қаржылық, технологиялық және адами ресурстарды оңтайлы пайдалану осы салада табысқа жетудің кілті болып табылады. Осы активтерді пайдалану тиімділігін бағалау мемлекет іске асыратын бағдарламалар мен іс-шаралардың тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Цифрландыру саласындағы осы активтерді тиімді басқару экономикалық өсуге жәрдемдеседі және ұзақ мерзімді перспективада мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. “Цифрлық Қазақстан” мемлекеттік бағдарламасы - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
2. Цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясат - <https://drfl.kz/kk/cifrlandyru-salasynday-memlekettik-sayasat/>
3. Цифрлық интеграция, ақпараттық қауіпсіздік және жана технологиялар - <https://primeminister.kz/news/reviews/tsifrlly-integratsiya-aporatty-auipsizdik-zhne-zhaa-tekhnologiyalar-digital-almaty-forumynda-ne-talylandy-22919>
4. Цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, сондай-ақ мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділігі – [https://www.gov.kz/uploads/2022/6/29/567951f07ec700b1d517f60a9dc9df5e\\_original.480075.docx](https://www.gov.kz/uploads/2022/6/29/567951f07ec700b1d517f60a9dc9df5e_original.480075.docx)